



Жыр  
жауһары

Қалижан  
БЕКХОЖИН

# Алты асқар

Л 2006  
4109 к



RARITY



PUBLISHING  
COMPANY LTD

**Қалижан Бекхожин**

# **АЛТЫ асқар**

**Өлеңдер мен дастандар**

Алматы  
«Раритет»  
2005



Қазақша Бейнекім

АЛТЫ АСҚАР








Жыр  
жаулары

Қалижан  
БЕКХОЖИН

# Алты асқар



Өлеңдер мен  
дастандар

RARITY



PUBLISHING  
COMPANY LTD

ББК 84Қаз7-5

БЗ9 Б 40

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және  
спорт министрлігі

Ақпарат және мұрағат комитеті  
бағдарламасы бойынша шығарылды

Серия 2002 жылдан бастап шығарылып келеді

Серияның негізін салған *З.Серікқалиұлы*  
Көркем безендірмесі негізін салған *А.Тіленшиев*

**Бекхожин Қ.**

**БЗ9** Алты асқар: Өлеңдер мен дастандар/Құраст. ақын-  
ның жары *З. Жанайқызы*. — Алматы: Раритет, 2005. —  
320 бет. — «Алтын қор» кітапханасы.

ISBN 9965-770-00-X

XX ғасырдағы қазақ поэзиясының биік шыңына біткен басы қарлы бйітеректерінің бірі — Қалижан Бекхожиннің өлеңдерінде оз доуірінің, яғни кенестік кезеңнің күрделі өмірнамасы өрнектелген. Ал кең құлашты дастандарында, негізінен, тарихи тұлғалар бейнесін сомдай отырып, қазақ жұрты бастан кешкен қадау-қадау оқиғалардың көркем шежіресін алға тартады.

Ақын туындыларында лирикалық саз, романтикалық серпін, философиялық толғаныс басым.

**ББК 84Қаз7-5**

Б 4702250202—29  
413(05)—05

ISBN 9965-770-00-X

© «Раритет» БК, 2005  
© Безендірген Святослав Ким, 2005

## ӨРШІЛ АҚЫН

Қазақ совет жазушыларының 1934 жылдың көктемінде болып өткен бірінші съезінен кейін әдебиетімізге бір топ жас таланттар келді. Олар — Жұмағали Саин, Әбу Сәрсенбаев, Әлжаппар Әбішев, Қасым Аманжолов, Дихан Әбілев, Әли Есмамбетов, Қапан Сатыбалдин. Осы толқында келген дарынды жастардың бірі Қалижан Бекхожин еді.

Бұлардың көпшілігі талантты, білімді, «екпінді», жасаған заманымен тығыз байланысты жастар болды.

Қалижан 1913 жылдың аяғында дүниеге келеді. Оның әкесі Нұрғожа Бекхожаұлы түркіше сауатты, осы әріппен Шығыстың әр кезде жарияланған көркем әдебиет шығармаларын көп оқыған, солардың әсерімен өлең де жазатын, сол кездің жазба ақындары — көкшетаулық Ақансері, қостанайлық Нұржан Наушабаев, баяндық Мәшһүр Жүсіп, тағы басқалармен хат арқылы айтысқа түскен ақын болған.

Туған жердің көркі де ақынға шабыт беретіні белгілі. Қалижан туған қала Кереку (Павлодар) Сібірдегі атақты өзеннің бірі Ертістің тоғайлы жағасында. Одан әрі — табиғатының сұлулығы, Арқаның Парнасы — Бурабайға таласатын Баянауылы.

Осындай гажайып көркемдіктің арасында өскен адамдардың ішінен қазақ мәдениетінің ірі өкілдері — Сұлтанмахмұт Торайғыров, Иса Байзақов, Жаяу Мұса, Жарылғапберді, Естай, әнші Майра сияқты ірі дарындар шыққан. Дүниеге көзін аша аталған Кереку — баяндық ақындар мен композиторлардың жеріндегі көркем ән күйлеріне бөленіп өскен және де ескіше білімді әкесінен естіп, оқып-үйренген Қалижан Шығыс әдебиетінің нұсқаларымен жастайынан таныс болса керек.

Мен Қалижанды 1936 жылдан ҚазПИ-дің екінші курсында оқып жүрген шағынан тани бастадым. Бұл кезде әдебиет факультетінде қазақ әдебиеті тарихынан лекция оқытын едім. Оқуға зерек, әдебиетке бейім, қоғамдық істерге белсенді Қалижан біліктілігімен

де, жазып жүрген өлең-жырларымен де көзге түсе бастады. Сол кезде ҚазПИ-де ұйымдасқан әдебиет үйірмесіне де жиі қатынасты. Осы кездесулерде жақын таныс болып кеттік те, білімін, сана-сезімін ұнатқандықтан, ол ҚазПИ-ді орталаған шақта, 1937 жылы, орта мектептің 8-сыныбына арналған көркем әдебиет оқулығын бірігіп жасадық.

1936—1938 жылдары Қалижан институтта оқып жүріп шағын өлеңдер мен бірнеше сын-мақалалар жазды. Бұл шығармаларында мені алдымен сүйсіндірген нәрсе — Қалижанның әлеуметтік лирикасы, өлеңдерінің саяси өткірлігі, идеясына беріктігі. 1939 жылы жарияланған комсомолдың республикалық бәйгесінде «Орман қызы» поэмасы үшін Қалижан озық бәйге алды. Жас ақын бұл тұста тарихи тақырыптарға да біраз бой ұрып, 1939—1940 жылдары «Кек», «Ақсақ құлан», «Батыр Науан» атты поэмалар жазды. Қалижанның соғыс жылдарында әскери қызметте жүріп жазған жырлары («Шеру» атты жинағында) біздің патриоттық және жауынгерлік поэзиямыздың таңдаулыларының қатарына жатады. Соғыс тұсында жауынгерлік сапта жүріп қаламын шыңдай түскен Қалижан соғыстан кейінгі жылдарында уақыт талабына сай жақсы өлеңдер, шағын поэмалар тудырды («Көктем» жинағындағы өлеңдер). Кезінде ондай өрелі шығармаларын жұртшылық сүйсіне бағалады. Ескерте кететін бір жайт, совет әдебиетінің көрнекті қайраткері А.А.Фадеев Қалижанның «Сырдария көкпары», «Келтемасат» атты шағын дастандарын 1947 жылы жазда өткен СССР Жазушылар одағының пленумында және «Правда» газетінің бетінде соғыстан кейінгі елеулі шығармалардың қатарында ерекше бағалап өтті («Правда», 30 шілде, 1947 ж.). Осы тұстан бастап Қ.Бекхожиннің есімі Одақ көлеміне мәлім бола бастады. Москвалық газет-журналдарда бірталай өлең, дастандары жарияланды, Москваның орталық баспаларынан өлең кітаптары орыс тіліне аударылып шықты («Под звездами Москвы», «Мария, дочь Егора», «Избранные стихи и поэмы», «Сказания о славных»). Қалижанның ақындық кемеліне келіп, қаламы қарыштаған шақта тудырған шығармасы — «Мариям Жагор қызы». Шығармашылық жұмысқа әрдайым жалықпай құлшына кірісетін Қалижан бұл үлкен шығарманы жасау жолында да көп еңбек етті. Осы поэманың ең алғашқы нұсқасынан бастап, жұртшылықтан жоғары баға алған соңғы вариантына дейін мен жете таныспын.

Орыс халқы мен қазақ халқының революциядан бұрын ұштасқан тамырлас достығын, Мариям мен Дүйсен сынды абзал жастардың мөлдір махаббатын ардақтайтын бұл игі дастанды кезінде әділ сындар жоғары бағалады. Орыс тіліне аударылатын нұсқасын Москвада Жазушылар одағында талқылағанда, «Мариям Жагор

қызы» поэмасын москвалық сыншылар мен орыс ақындары қазақ поэзиясының айрықша табысы деп келелі пікір айтқандарына куәмін. Әрине, Қалижан әділ сыншылар мен дос ақындардың тілек-талаптарын да ескеріп, бұл поэманың идеялық, көркемдік дәрежесін биік белеске көтерді. Меніңше, «Ақсақ құлан», «Мариям Жагор қызы», «Сұңқар туралы аңыз» дастандары — Қалижанның ақындық өнерінің биік шыңдары және де қазақ совет поэзиясының алтын қазынасына қосылатын асыл туындылар. Қалижан шығармаларының негізгі арқауы — халық өмірі, ежелден азаттықты аңсаған халқымыздың өткендегі тағдыры, күресі, өз заманындағы өркені оскен еңбеккер жұртымыздың сыр-сипаттары... Қалижанның «Тұрлаулы тағдыр», «Мамырстан», «Шардара» сияқты дастандарында дәуір көріністері, замандас тағдыры, тұстастарымыздың сыр-сипаттары, ерлік істері үлкен тебіреніспен толғанады. Үлгі ізденіспен өрлеген ақынның шығармаларындағы танылған қасиет көркемдік тапқырлық бағытының беріктігі деп білемін.

Қалижан — отызға тарта кітап болып шыққан көптеген тамаша өлеңдер мен жиырмаға жуық күрделі поэма жазған ерен шабытты ақын. Дарыны мол, қаламының өзінше ерекше өрнегі бар бұл ақынның шығармаларында лирикалық саздар, романтикалық серпіндер, философиялық толғаныстар басым. Лирикалық терең тебіреністерге ұштастыра Қалижан шопан туралы, кенші туралы да шабытпен шалқи жырлайды. Сонымен бірге Қалижан — сөз өнерінде өзінше нақыштар жасаған шебер ақын.

Әдебиеттегі үздік еңбегі үшін ақын Қ.Бекхожин 1960 жылы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен наградталды. Осыдан аз жылдар бұрын ғана «жас ақын» деп жақсы жырына сүйсінген Қалижаным алпысқа келіп қалыпты...

Сонау жас шағындағы албырт қалам қадамына сүйсінген мен Қалижанның енді тарлан тартқан кезінде әлі де соны қияларға, шығармашылық биіктерге аршындай беруіне тілектеспін, оған кәміл сенемін де.

Сәбит МҰҚАНОВ  
Алматы, январь, 1973 ж.



## Ө Л Е Ң Д Е Р

---

### БАСЫ ҚАРЛЫ БӘЙТЕРЕК

Ақша таудың басына  
Көтерілдім төменнен.  
Бурыл бұлттар асыға  
Ұшып жатыр төбемнен.

Сарқыттай аз шақтарым,  
Ауған сол бір бұлттардай,  
Атандай баяу аттадым,  
Арқамда ауыр жүк бардай.

Толқындардай арбасқан  
Басыма ойлар тиеліп,  
Тұрдым түгін қар басқан  
Бәйтерекке сүйеніп.

Сеңсең басын мұз құрсап,  
Терегім тұр сұрланып.  
Мен де тұрмын құз қоршап,  
Еңісімде сыр қалып.

Ол ойлайды: «Өтті шақ  
Жапырағы жайқалған,  
Бұтасына қонақтап,  
Бозторғайлар ән салған!..»

Енді бөрі тас тұйық,  
Сол көзі жоқ қар маңы.  
Сонда да тұр қаскиып  
Дарақтардың тарланы.

Мен де тұрмын тіл қатпай,  
Ой жүгіртіп тереңге.  
Мәз күндерім бұлақтай  
Бұландайды төменде.

Рауа, досым! Қыз, жігіт  
Зымырады биіктен.  
Шаңғысымен ызғытып,  
Жарысып жүр киікпен.

Мұртты боздақ ән шырқап,  
Сипалап тұр аршаны.  
Бақытты ғой жас ұрпақ,  
Қызық, сайран әр шағы.

Ал түксиме, құрдасым,  
Сілкін, қара асқарға.  
Шаңғысымен ызғытып,  
Қыран ұшты аспанға.

Қар басты деп жасқанба,  
Найзағай бір ұрғанша.  
Ақ басты досым, аспанға  
Қарайықшы қыранша!

## АҒАМА ХАТ

Кейде жалғыз ойға батып кетемін...  
Нұрымыз ғой екеуіміз бір әкенің.  
Бір ананың сүтін емдік, сенімен  
Бір еді ғой сәби бесік мекенім.

Шықты ма сол балғын шағың есіңнен,  
Ыстық ұяң төріне біз көсілген?  
Мәз едік қой бірге жүрсек, бір күлсек,  
Бір еді ғой бақытың мен несібен.

Сол шағымды айрылмастай көріп ем,  
Екеуімізге бір үйдің де төрі кең.  
Өмір қызық, екеуімізді айырып,  
Екеуімізді екі жанға теліген.

Енді болек босағаға маталдық,  
Аға болдық, ақсақал да атандық.  
Разымыз ғой өмірге де өсірген  
Екеуімізді игілерге қатар ғып.

Бірақ бұл не, бір қалада болсақ та,  
Жүргендейміз көз көрмейтін алшақта!  
Неткен күйбең, қайран жарты ғасырдың  
Деңгейінен жылдам асып қалсақ та?!

Істерің көп — ғұмырыңнан көлемді,  
Мен де жазып тауыспасын өлеңді.  
Аңдаусызда айрылысармыз мәңгілік,  
Анда-санда көрсетіп қой төбенді!

### АБАЙМЕН СЫРЛАСУ

Жиылыс бітті,  
Жалғыз мен залда қалдым.  
Өтті, міне,  
Өлеңге арнаған күн.  
Сонша неге шуладық?  
Басым мең-зең...  
Маған төрден қадалып  
Қараған кім?

Ойлы көзбен  
Ол төнді қабырғадан.  
Көрді-ау жаңа  
Біздерді дабырлаған.  
Әлде ұнатпай қалды ма?  
Не түйінді?  
Не айтпақ екен, өзі,  
Қазір маған?

— АБАЙ АҒА,  
Дауымыз жақпады ма?  
Мұршамыз жоқ  
Өзіңдей баптануға —  
Жыр шіркінді,  
Түйдектеп жазамыз да,

Асығамыз  
Жарыса мақтануға.

Биігіндей  
Жыр деген даналықтың —  
Сен жазыққа  
Асқардай дара біттің.  
Біз көппіз ғой  
Төбе мен төмпешіктей,  
Сен шыңысың  
Жүз жылғы аралықтың.

Арамызда  
Өзіндей биік күз жоқ,  
Таласпаймыз  
Таппаған тұйықты іздеп.  
Жаңа ғана көрдің ғой,  
Таласамыз:  
«Абайдан соң  
қайсымыз биікпіз?» — деп.

Сен өлеңді жазбадың  
Жүлде тілеп.  
Атағынды тараттың  
Жыр жетелеп.  
Кітапсыз-ақ,  
Даланы кезді сөзің.  
Қаламақы қумадың  
Сен ентелеп.

Ал біздер ше?  
Том-томдап жыр құрамыз,  
Жүлде десе,  
«Мен бар!» — деп жұлқынамыз.  
Бұйымдарын өткізген бақалшыдай,  
Жыр бағасын  
Бұлдауға ынтығамыз.

Мейлің күл —  
Ерсі болса кәсібіміз.  
Дүниеқұмар емеспіз, әсілі, біз.



Жидебайда  
Жусаған жылқымыз жоқ,  
Өлең ғана —  
Нәріміз, нәсібіміз.

Иә, бізде көп  
Ду жиын, қызу кеңес.  
Өлең үшін  
Боламыз қызыл өңеш.  
Арамызда аға жоқ  
Сендей дара,  
Жасымыз да  
Көкпайдай кішік емес.

Бәріміз нән...  
Сөз сырын кім сараптар?  
Сынға қырын  
Әлі көп қисалақтар.  
Оралсаң сен —  
Сайлар ек местком етіп,  
Егер саған  
Қызметін қиса Жаппар...

Дарындылар аз емес  
Жырға шебер.  
Аз да емес  
Сөзуарлар тілмен шенер.  
Жесір дауы,  
Жер дауы,  
Жоқ болса да,  
Бізде де бар  
Керезу Жиреншелер.

Солар, тегі,  
Тақылдап сауысқандай,  
Сәуерлейді-ау  
Қасымен қағысқандай.  
Тырмысқанда  
Сондайлар тасбақадай,  
Сөйлегенде  
Сірескен қайыс таңдай.

Аш кенедей  
жабысып денемізге,  
Өрмелейді сондайлар өремізге.  
Түймең түссе,  
Түйедей зіл тағады,  
Керіспейше —  
Сондайға көнеміз бе?

Ал сен жалғыз ашындың,  
Ойлар тулап,  
Армандарың  
Шашылды сайға құлап.  
Біз мың ойды  
Гулесіп жаңғыртамыз, —  
Шуламай ма  
Тасырда қайнар бұлақ?

Біз солаймыз,  
Жақтырма, мейлің сына!  
Біз бұлақпыз —  
Айдынның құйлысында.  
Өзің де өршіп сөйлер ең,  
Қатыссаң бір  
Бұл күнгі  
Поэзия жиылысына.

Сан заманнан —  
Біз өскен дәуір мықты!  
Арқалатты  
Жырға да ауыр жүкті.  
Жалғыз емес —  
Жүз Абай  
Қажет шығар  
Тербетуге көзіргі қауым-жұртты...

Кеше гөр!  
Бұл сырым ғой айтылмаған!  
Сыр ашпаса,  
Шыдайды қайтіп адам?  
...Ол күбірлеп,  
Қозғалып қалды білем, —  
АБАЙ АҒА,  
Не ойладың, айтшы маған?..

## МАХАМБЕТ ҚАБЫРЫ БАСЫНДАҒЫ ТЕБІРЕНІС

Далама біткен биігім!  
Қабырыңды жасырған ба қу жазық?  
Мүрдене келіп иілдім,  
Өр даусыңды іздеп, кеудем құлазып.  
Сен  
Елімнің жапан шөлінде  
Арқырап аққан сел едің,  
Кегін де, жұрттың шерін де  
Нажағайлы жырыңмен  
Көк нөсерге бөледің,  
Нөпіріңнен қалса бір тамшы —  
Жұтар едім,  
Қызғышыңдай қызғанып.  
Тұңғиығым, бұрқаншы,  
Тebіренейін,  
Жүрегімде толқыныңнан із қалып.

Бұлт тіреген терегім!  
Меңіреу, оқшау қабырың,  
Өзің мінген тұрманнан да аласа.  
Бұл далаңа қадырың  
Асқақ еді,  
Асқар таумен таласа.  
Сен  
Шамырқанған болат ең,  
Сүңгі болып,  
Хан тағына қадалдың.  
Айбатына  
Дауылы күшті дала тең,  
Бұзған талай іргелерін қамалдың.

\* \* \*

От ауыздым, орақтым,  
Жауға шапқан жарақтым.  
Сенің найзаң — найзағай —  
Шайқап ханның ордасын,  
Жарқылдаған қаршылдап.  
Тілің алмас найзадай —  
Сескенетін хан-төре,

Жай түскендей қалшылдап.  
Өзендей еді ызаң да,  
Тасып кетіп,  
Тар арнадан атылдың.  
Қара бұлтты заманда  
Қарсы дауыл шақырдың.  
Қарашаны хан ұлына теңгерем деп,  
Кек кернеген кіреукеңнің  
Күдіресін қанға батырдың...

Нажағайым!  
Мұнарлы күн жарқ еттің,  
Күркіреп бұлтты жардың да.  
Күйігін күллі зар-кектің  
Бойыңа тартып жандың ба?  
Атадан қалған ашуға  
От қостың ба лаулатып!  
Аталы сөзге, асылға  
Оқ қостың ба жауға атып?  
Ақын да шешен көп шығар,  
Батыр да төтен көп шығар, —  
Жасыннан тартып от алған,  
Жалындап кегі тұтанған,  
Жауына сөзін  
Жай отындай жарқылдатқан,  
Жарақтанған ханды  
Жарақсыз-ақ қалтыратқан, —  
Ата қазақ жерінде  
Сендей де ақын жоқ шығар!

Тумасы жарық жұлдызым,  
Тұлғасы алып шың-құзым!  
Ошақтай орға қайтіп сыйды екен?  
Атаңа нәлет Ықылас,  
Ата жұрттың асылын  
Балтаға қайтіп қиды екен?  
Ханның қара жеңдетін  
Ата жауым дер едім,  
Тіріде маған кездесе,  
Тап өзіңше жұлқылап,  
Тірідей етін жер едім!



Ықылас кетті дозаққа...  
Ақындарға  
Ықылассыздар бар әлі.  
Сен төзбес едің мазаққа,  
Жаныңа сақтап жараны.  
Сен қарысқанға қайыспайтын емен ең,  
Қырыңа қарсы түскенге  
Қайтпас еді сенің тілді селебен.  
Сен такаббар таудай биік ең.  
Ал мен —  
Боксақтағы боз қамыстай  
Тоғышарға иілген,  
Бошалақпын,  
                  боз баспын.  
Қойшы мінген жабымын,  
Бәйгіге түсіп озбаспын.

Сен бейне  
Мұздыбалақ қыран ең,  
Қанатымен тас жарып,  
Ажалын күткен қиядан.  
Мен кейде  
Жасықтардан жасқанып,  
Өлімнен сескенгеніме  
Сенің аруағыңнан ұялам.  
Машайыққа тауап еткен міскіндей  
Тебіренемін басыңда,  
Тіліңмен өткір үскідей  
Сөзімді жанап берші асылға!  
Қайтіп саған тілдесем?  
Толқыр ма едің,  
                  теңізім,  
Ендігі қалған жасымда,  
Қабырыңа түнесем?!

Сен — даламда  
Жыр сапырған дауылсың,  
Мен — құйында ұшқан бір түйірмін.  
Сен — қырдағы заңғар тауымсың!  
Қабырыңды әрең таптым  
Еңкуінен бір қиырдың.

Исатайға сен  
Соқтың сөзден мұнара,  
Ол айбынды  
Үйшіктегі сарайдан.  
Ардагерім,  
Саған жадау емес пе бұл ара:  
Сырласатын бір бұта жоқ  
Айналаңда қарайған.  
Мекенің құр жапан түз,  
Күзетшің бір құлпы тас.  
Елеусіз қыр, сапарсыз,  
Жолаушыны жуытпас.  
Тасыңа сылбыр сөз тізген  
Қандай сымпыс, қай ділмәр?  
Сөзіңе сөнбес жұлдыз тең,  
Жалыныңда айбын бар.  
Керек емес даңқыңа  
Белгі темір, кеспек, қыш.  
От жырларың халқыңа —  
Өшпес мәңгі ескерткіш.

Кемеңгерім!  
Мүсінші болсам, соғар ем  
Тұлғанды алтын, асылдан.  
Күмбезді биік салар ем,  
Алатаудың басынан  
Тұрсын деп  
Жартастай қасқиып,  
Қарап жасынға,  
Селебесін суырған,  
Кіреукең гауһар тас киіп,  
Дауылды тартсын деп дулығаң!  
Ұстатар ем найзаны,  
Найзағай ойнап ұшында,  
Бұлбұлдар сайрап сайдағы,  
Қасыңнан қыран ұшуға, —  
Қояр ем шыңға тұлғанды.  
Құйсын деп нөсер төбеңнен  
Сөзіндей зілді, бұршақты.  
Ұрпақтарың төменнен  
Жайсын деп саған құшақты...

## ҰРПАҒЫНА БАЯННЫҢ

Аты биік таулардың  
Арасында аяулым.  
Аңсап келдім, толғандым  
Бауырында Баянның.

Сұлтанмахмұт даусымен  
Бесігімде ояндым.  
Бала жастан таңсық ем  
Сипатына Баянның.

Тегеурінді еріңнен  
Тебіренер ой алдым,  
Озған жырдың өрінен  
Тұлпарымын Баянның.

Толқындаған өлеңмен  
Туыстарға аянмын.  
Басымды идім сәлеммен  
Ерлеріне Баянның.

## СҰЛТАНМАХМҰТҚА

Жалғыз мола, жол үсті,  
Жолаушы өтер көз салып.  
Өте беріп ой түсті,  
Тұра қалдым томсарып.

Қурай басқан қу қабыр,  
Жел ескендей дүбірлеп,  
Күңіренгендей сонда бір  
Өлген адам күбірлеп.

Келдім жетіп басына,  
Ызыңдайды қу ағаш.  
Тіл қатпайды мелшиіп  
Басындағы меңіреу тас.

Үндемейді томсарып  
Ақынға ана болған тау.

Сырласып жүрген ақынның  
Өлгені ме, япырм-ау?!

Түсті есіме сол күні  
Шерлі ақынның өлгені.  
Есіркеп Арқа сорлыны,  
Жаспен жанын көмгені.

Жүрегімді өртеді  
Қайғы-ызасы аралас.  
Қабырына домалап  
Ағып кетті көзден жас.

Түнгі боздақ жұлдыздай  
Жарқ етті де, ол сөнді.  
Азалы болған Арқаны  
Жыры кезіп жөнелді.

Па, десейші, сол жырдың  
Үнін дала алыпты.  
Ескен желі ой-қырдың  
Еске сақтап қалыпты.

Естілді маған сол күні  
Шаттық үні Арқаның.  
Қуаныштың құйыны  
Алып жатыр алқабын.

Арқадан ескен сол жырдың  
Ішінде сенің жүрегің.  
Жүрегің сенің менікі —  
Жүрегім деп жүремін.

*1939 жыл, Баянауыл*



## КҮЗЕТШІ

(Атақты әнші, композитор  
Жаяу Мұсаға ескерткішім)

### 1.

Құздар жоқ қарағанды елеңдеткен,  
Дал-дал боп, бет-бетімен белең кеткен.  
Далбаның адырында, Ақшоқыда  
Бір шал жүр жорға мініп өлеңдеткен.

Таң атса, тау бүйірі дүбірлеген,  
Осы қарт қырды оятқан жырыменен.  
Айғайы болмаса да аңыраған,  
Лебіне шөп-шоқылар дірілдеген.

Совхоздың күзетшісі — әнші бұл жан,  
Еседі ертелі-кеш даусы қырдан.  
Өлеңді жонды кезіп жорғаласа,  
Алдында алтын басты дән шұлғыған.

Бақса да ақ бидайлы адырларын,  
Білер жұрт күзетшінің ән құмарын.  
Малшы мен егіншілер көрсе оны,  
Асығыс басады екен адымдарын.

Шал әні сызылса да баяу маңға,  
Алыстан аңсап жұтқан Баян-Аула.  
Үндері жусағанда іңір түсіп,  
Келеді бейітке бір аялдауға.

Аңшы ол, ән ұшырған қыр-далаға,  
Несі бар жапандағы қу молада.  
Ошақтан жұртта қалған үйіндідей  
Меңіреу көрде мынау сыр бола ма?!

Түнеріп жатқан таудың жотасында  
Әлде бұл әулие бір атасы ма?  
Немесе жалғызы ма жастай өлген,  
Күбірі жоқтауы ма, батасы ма?

...Үстінде — Ақшоқының алты тасы,  
Басында — қуарған бір аттың басы.

Адыра жатыр мөйіт, күзетші тұр  
Жалбырап көр қасында аққу шашы.

Айтқаны аят емес, өлең екен,  
Күзетші басқалардан ала бөтен.  
Кім бұл деп, келіп едік Далба тауға,  
Кездестік өлеңшімен далада кең.

## 2.

Жиынға кештегі бұл қырмандағы  
Жиналды малшы, диқан бұл маңдағы.  
Тыңдайды сырлы жырын күзетшінің  
Әншіл ел — Малғозының ұландары.

Иіріп алқап толы алса дәнін,  
Игі жұрт іздемей ме аңсағанын?  
Әлде бұл әдеті ме Далба таудың  
Кеш болса шалқытатын ән самалын?

Елгезек еріп біздің қолқамызға,  
Отыр шал айтып өлең ортамызда.  
Шоқытып Ақшоқыдан ән бастаса,  
Дауысы жөнеледі жорыта құзға.

Салты бар күзетшінің бұрынғыдан,  
Данасы тапсырғандай жырын бұған.  
Ағытып айтып әнін соның ғана,  
Сонау бір өр әншінің сырын құған.

«Ол өзі — ән мен жырдың аққан селі,  
Баянның майталманы, ақын, сері.  
Шоқ шашып Шормандарға өуезімен,  
Сөзінің жарқылдаған ақ семсері.

Жырында жарлы жанға аяу туса,  
Оқ пен сот мейлі оған, таяу тұрса,  
Қияда қар сабалап, жел шақырған  
Қырандай қайсар еді Жаяу Мұса.

Сабаздың кең кеудесін көрдім өзім,  
Сүйемін серілігін, өр мінезін.

Күшімді таудай менің әні тербеп,  
Қасына жас күнімнен ердім өзім...»

Есіне алып солай жақсы жасын,  
Әнші шал бұлғаңдатып ақшыл басын,  
Билетті пернелерде саусақтарын,  
Жаяудың арқыратып «Ақсисасын»:

«Жаныма батқандықтан ашынамын,  
Мен неге жаяуым деп басыламын?  
Малым жоқ Шорман айдап алатұғын,  
Зорлығын Мұстапаның паш қыламын!»

Шошытып Шорман ауылын ұйқысынан,  
Өр Жаяу ән шырқаған ту тұсынан.  
Қасында сонда осы ақ бас әнші,  
Ер екен ерген оған жылқышыдан.

### 3.

Күзетші әншіміздің аты Сымақ,  
Өнермен өскен екен бағын сынап.  
Балуан аты шулы мыңды жыққан,  
Бір кезде жігіт болды жаны шуақ.

Жасынан топты жарып сері жүрген,  
Жүлде алып, әнші, ақын серігімен.  
Күресте құдіретті Сымекенді  
Кереку, Баян-Аула бәрі білген.

Болса да елдің асқан балуаны,  
Жаяудың арбағандай ару өні.  
Сымыкең сүйіп оны жас кезінен,  
Әніне әлі күнге табынады.

Қайран қарт серпіледі Жаяу десе,  
Аузынан жанып шығып аяу неше,  
Аттыдай ащы жырын шырқап кейде,  
Жаяудай кейде мұңын баяу есе.

Жаяумен өткен дулы нелер кеші,  
Көкке өрлеп көңілінің көлеңкесі.

Күзетші көтеріліп, ұшырады  
Аспанға «Көгершінді» — ән еркесі.

Осылай әні желдей еседі де,  
Ойынды желдетеді кешегіге.  
Жайрандап көз алдында Жаяу Мұса,  
Ән шырқап Ақшоқыдан көшеді де.

Желдіріп Жасыбайға ол жетеді,  
Ақбетке даусын тағы өрлетеді.  
Жаяудың желден жүйрік әндерімен  
Әнші қарт естігенді тербетеді.

Кейде ол дауылдатып қызған әнін,  
Баянның басады екен мырзаларын.  
Наз төгіп, кейде әзіл айтып Жаяу,  
Сымақтан күтеді екен қыз хабарын.

Соны айтса, бүлкілдейді кеңірдегі,  
Іңкәрі шертілгендей көңілдегі...  
Соны айтса, күлімдейді кемпірлер де, —  
Жаяудың бір кездегі келіндері.

#### 4.

Отырмыз шалды тыңдап кенен белде,  
Сүйсініп сонау өткен кемеңгерге.  
Алқаптан күйін қосқан комбайндар  
Ұқсайды айдындағы кемелерге.

Алдымыз ақша бидай — алтын алап,  
Жаяудың әні соған жатыр тарап.  
Күзетші айналасын әнмен шолып,  
Іркіліп, Ақшоқыға қалды қарап.

«Көр жатыр Ақшоқының етегінде,  
Кеш болса, қырдан соған жетемін де.  
Жырлаймын әуендерін жатқан жанның,  
Жүріп ем соның талай жетегінде.

Өр еді Ақшоқыдай тұлғасы да,  
Ән еді мұрасы да, дұғасы да: